

## **Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы №1**

**Күні:** 25.08.2018 жыл.

### **Катысқандар:**

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері – 9

Мектеп директоры: Е.Қашаубай

Мектеп директорының орынбасарлары: 5

Бас есениші: Э.Бактиярова

### **Күн тәртібінде:**

1. Сабак кестесінің дұрыс құрылу жағдайы.
2. Істық тамақтың берілуі.
3. Мектеп оқушыларының оқулықпен қамтамасыз етілуі.
4. «Мектепке жол» акциясының ұйымдастырылуы.

### **Тыңдалды:**

Мектеп директоры Е.Қашаубай кеңес мүшелерімен амандасып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырылды. Сөз кезегін директордың оку ісі жөніндегі орынбасары Р.Есенгалиева берді.

Сөз алған мектеп директорының оку ісі жөніндегі орынбасары Р.Есенгалиева: «Сәлеметсіздер ме кеңес мүшелері! Жаңа 2018-2019 оку жылын бастауға арналған әдістемелік нұсқау хатқа сәйкес, сабак кестесі құрылды. Сабак ұзақтығы 40 минут. Мектеп мұғалімдері өз сабактарының уақытын анықтады. Уақытылы кіретін болады. Оны директордың орынбасарлары үнемі бақылауда ұстайды. Қазіргі танда параллель келетін сабактар жок. Барлығы талапқа сай екендігін айтқым келеді» - деп, созін аяқтады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогы П.Бисекенова сөз алды: «Сәлеметсіздер ме! Мектеп асханасында ыстық тамақтың ас мәзіріне сай берілуін үнемі мектеп медбикесімен бірге қатаң бақылауда ұстаймын. Оқушылар тамактанбас бұрын сынама алынады. Бастауыш сынып оқушылары, яғни 1-4 сыныптар ыстық тамакпен түгел қамтылып отыр. Арнайы жасақталған кесте бойынша тамактанады. Ал, 5-11 сыныптар арасындағы әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасылардың балалары арнайы өздеріне ыңғайлы уақытта барып, асханадан тамак ішеді. Әкімшіліктен құралған кезекшілер де үнемі бақылан отырады» - деп, созін қорытындылады.

Үшінші мәселе бойынша мектептің кітапханашысы Н.Нагина: «Сәлеметсіздер ме! Жаңа 2018-2019 оку жылында оқушылардың барлығы кітаппен толықтай қамтамасыз етілді. Мектеп мұлкін, яғни берілген кітанты ұқыпты, таза ұстау керектігі жөнінде сынап жетекшілерге ескерту айттым. Жаңадан келетін оқушылар болса, міндетті түрде маган хабарласып, олардың да кітаппен қамтылуына жағдай жасалатын болады» - деп, созін аяқтады.

Тортінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог П.Бисекенова: «Мектепке жол акциясы аясында мектеп оқушылары мектеп формасымен қамтамасыз етілетін болады. Сұраныс жіберілді. Сонымен қатар, мектеп

ұстаздарының үйымдастыруымен әлеуметтік көмекті кажет ететін отбасыларының балалары оку құралдарымен қамтамасыз етіледі» - деп, корытындылады.

### Шешім:

1. Сабак кестесі талапқа сай бекітілсін.
2. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы үнемі қадағалансын.
3. Мектеп оқушылары толықтай кітаппен қамтамасыз етілсін.
4. «Мектепке жол» акциясы жүйелі өткізілсін.

Кеңес төраймы

Г.Галымжанова

Кеңес хатшысы

А.Есенгелдіқызы

## **Қамқоршылық кенесінің хаттамасы №2**

**Күні:** 08.12.2018 ж.

### **Катысқандар:**

Қамқоршылық кенесінің мүшелері – 9

Мектеп директоры: Е.Қашаубай

Мектеп директорының орынбасарлары: 5

Бас есепші: Э.Бактиярова

Әлеуметтік педагог: П.Бисекенова

### **Күн тәртібінде:**

1. I тоқсанда жасалған жұмыстың корытындысы.
2. Жалпыға бірдей міндетті білім беру корынаң бөлінген қаржының жұмсалуы.
3. Жаңа жылдық шыршаға баратын окушыларды анықтау.

### **Тыңдалды:**

Мектеп директоры Е.Қашаубай кеңес мүшелерімен амандастып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстыруды.

Бірінші мәселе бойынша кеңестің төрайымы Г.Галымжанова сөз алды: «Оку жылының 1 тоқсанында бірқатар жұмыстар аткарылды. Қамқоршылық кенесінің іс-шара жоспарына сәйкес, барлық жұмыстар аткарылды десе де болады. Негізгі мақсатымыз, мектеп окушыларымен камқорлық көрсете отырып, оларды қолдау. Сол мақсатқа жеттік деп сеніммен айта аламын» - деп, сөзін аяқтады.

Екінші мәселе бойынша мектептің бас есепшісі Э.Бактиярова сөз алды: «Сәлеметсіздер ме кеңес мүшелері! Бюджет қаражатының ашыктығын және сыйбайлас жемқорлықтын алдын алуды қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражат әр специфика бойынша жұмсалды. Атап өтетін болсам, окушылар мектеп формасымен, қыскы жемірмен қамтылды. Сонымен катар, жаңа жылдық тәтті сыйлыктарға сұраныс берілді» - деп, сөзін аяқтады.

Үшінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог П.Бисекенова сөз алды: «Қайырлы күн кеңес мүшелері! Алдымызда балалар үшін үлкен мереке жаңа жыл келе жатыр. Қалалық білім болімі қала әкімінің шыршасына 8 окушының тізімін сұрап отыр. Шыршаға құжаттары талапқа сәйкес келетін келесі окушылардың тізімін ұсынғым келеді:

1. Жумагалиева Диляра
2. Маралова Аружан
3. Марал Ақаман
4. Ермек Аксезім
5. Сулиев Герман
6. Сулиев Владимир
7. Айтқали Сержан
8. Марал Ақан

Ұсыныс бірауыздан қабылданды.

**Шешім:**

1. Жалыға бірдей міндетті білім беру корынан болінетін қаржы дұрыс мақсатта жұмсалсын.
2. Тізімде көрсетілген оқушылар қалалық әкім шыршасына барсын.

**Кеңес төрайымы**

**Кеңес хатшысы**



**Г.Галымжанова**

**А.Есенгелдіқызы**

## Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы №3

Күні: 05.01.2019 ж.

### Катысқандар:

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері – 9

Мектеп директоры: Е.Қашаубай

Мектеп директорының орынбасарлары: 5

Бас есепші: Э.Бактиярова

Әлеуметтік педагог: П.Бисекенова

### Күн тәртібінде:

1. Сабак кестесінің талапқа сай жасалуы.
2. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары.
3. Мектеп асханасының ішкі жағдайы.

### Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Г.Галымжанова кеңес мүшелері толық жиналғаннан кейін, отырысты ашық деп жариялад, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырылды.

Бірінші мәселе бойынша мектеп директорының оку ісі жөніндегі орынбасары Р.Есенгалиева сөз алды: «Жаңа 2019 жылдың 3 тоқсанына, яғни II жарты жылдыққа арналған стандартты талапқа сай сабак кестесінің дұрыс құрылды. Сабак ұзактығы 40 минуттан болады. Мұғалімдер сабак кестесімен таныстырылды» - деп, сөзін аяқтады.

Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Тажигалиева: «Қайырлы күн! Сыбайлас жемқорлық мәселесі қазіргі таңда белең алып отырған мәселе десе болады. Оку жылышында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға арналған іс-шара жоспары жасақталған болатын. Сол жоспар бойынша, жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар, педагогикалық кеңесте, директор жаңындағы кеңесте қаралды» - деп, сөзін аяқтады.

Үшінші мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогы Н.Бисекенова сөз алып: «Сәлеметсіздер ме кеңес мүшелері! Мектеп асханасының ішкі жағдайын, санитарлық жағдайының сақталуын, оқушылардың уақытылы ас мәзіріне сәйкес тамактануы әрдайым қатан бақылауда. Оқушылар арнайы құрылған кестеге сәйкес барып, тамактанады» - деп, сөзін аяқтады.

### Шешім:

1. Сабак кестесі талапқа сай жасақталсын және қадағалансын.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар үнемі жүргізілсін.
3. Мектеп асханасының ішкі жағдайы үнемі бақылауда болсын.

Кеңес төрайымы

Г.Галымжанова

Кеңес хатшысы

А.Есенгелдіқзы

## Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы №4

Күні: 18.05.2019 жыл.

### Катысқандар:

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері – 9

Мектеп директоры: Е.Қашаубай

Мектеп директорының орынбасарлары: 5

Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары: Г.Матаева

Әлеуметтік педагог: П.Бисекенова

### Күн тәртібінде:

1. Оқу жылдарының қорытындысы.
2. Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы баландың жазғы лагермен қамтамасыз етілуі.
3. Жөндеу жұмыстарының жүргізуі.

### Тыңдалды:

Жиынды кеңес төрайымы Г.Галымжанова отырыска катысушылар толық жиналғаннан кейін олармен амандасып, отырысты ашық деп жариялады және күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырылды.

Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Е.Қашаубай сөз алды: «Қайырлы күн кеңес мүшелері! Алдымен сіздерді оқу жылдарының сәтті аяқталуымен күттүктаймын. Оқу жылдарының қорытындысымен таныстырылған өтейік. 2018-2019 оқу жылды бойынша білім сапасының біршама көтерілді, оқушыларымыз олимпиадада үздік бола білді. Сонымен катар, спорт жағынан да оқушыларымыз жақсы нәтиже көрсете білді. Алдағы оқу жылдарында будан да жақсы нәтижеге кол жеткізетінімізге сенемін» - деп, сөзін аяқтады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогы П.Бисекенова сөз сойледі: «Қайырлы күн! Алдымыз жаз мезгілі. Бұл оқушылардың асыға күтегін жыл мезгілі. Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасының балалары лагермен қамтамасыз етілетін болады. Биылғы жылы Италияға және Ресей Федерациясының Железнодорожный қаласындағы «Қазақстан пансионатына» лагерлер болады. Соған сәйкес, Италияға қамқоршылықтағы оқушы Куанова Ақботаны, Қазақстан пансионатына Сұлтанғалиева Кәусар, Кадирбеков Иброхим, Маралова Аружан, Марал Ақан, Саржанов Исламды ұсынғым келеді» - деп, сөзін аяқтады.

Ұсыныс бірауыздан қабылданды.

Үшінші мәселе бойынша директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Г.Матаева сөз алды: «Мектепке жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады. Ата-ана, оқушы тарарапынан ешқандай көмек қажет емес. Әктеуге арналған импульсия, сыр және әктеу, сылау құралдары жеткілікті. Тазалық жұмыстары жүргізіліп, келесі оқу жылына дайын болады» - деп, сөзін аяқтады.

**Шешім:**

1. Ұсынылған әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасының балалары жазы лагермен қамтамасыз етілсін.
2. Мектеп бойынша жөндеу жұмыстары сапалы әрі жүйелі жүргізілсін.

**Кеңес төрайымы**

**Кеңес хатшысы**



**Г.Галымжанова**

**А.Есенгелдіқызы**